

«МУЗЫКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ-
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА
АРНАЛҒАН МУЗЫКАЛЫҚ
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ» КЕШЕНІ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КОМПЛЕКС «МУЗЫКАЛЬНЫЙ
КОЛЛЕДЖ-МУЗЫКАЛЬНАЯ
ШКОЛА-ИНТЕРНАТ
ДЛЯ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ»

БҰЙРЫҚ

қол жазылған

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 1-04/144

город Павлодар

**2021-2022 оқу жылына
мектеп-интернат оқушыларының
тамақтануын ұйымдастыру туралы**

ҚР «Білім туралы» Заңының, ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тәрбиеленетін және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының» негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С. Кунязова, интернат меңгерушісі Ж.Б. Канафина 1-9 сынып оқушыларының 2021 жылдың 1 қыркүйектен бастап ыстық тамақпен тамақтандырылуын ұйымдастырсын.
2. Оқу жылының басында мектеп әкімшілігі мен ата-аналар қоғамдастығынан дайын және шикі өнімдердің сапасын, асханада санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылайтын бракераждық комиссия құрылсын.
3. Интернат меңгерушісі Ж.Б. Канафина, дәрігер-педиатр, диеталық медбике Э.Т. Камалова оқушылардың тамақтану кестесін, бекітілген апта сайынғы ас мәзірі мен перспективалық ас мәзірін әзірлесін, оқу жылы ішінде «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 16.08.2017 жылғы № 611 талаптарына сәйкес бракераж журналдарын, денсаулық журналдарын жүргізісін.
4. Шаруашылық меңгерушісі М.А. Шарипова мен медбике ас блогындағы жабдықтардың тізімін жасасын, санитарлық нормаларды қатаң сақтасын, жыл бойы мектеп-интернат бойынша ауыз су режимін қамтамасыз етсін, оқушылардың қолдарын жуу және дезинфекциялау үшін жағдай жасасын.

003226

5.Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С. Кунязова мектеп сайтында «Мектептегі тамақтану» айдарын құрсын және мектептік тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етсін.


6. Интернат меңгерушісі Ж.Б. Канафина әкімшілік пен педагогтердің асханадағы кезекшілік кестесін жасап, бекітсін.

7. Ас блогының қызметкерлері ас блогында және тамақтану залында санитариялық нормалардың қатаң сақталуын, тәуліктік сынамалардың болуын қамтамасыз етсін. Орындау жауапкершілігі бас аспаз Г.Ж. Мергенбаеваға жүктелсін.

8. Асханаға бару кезінде оқушылардың өмірі мен денсаулығының сақталуына жауапкершілік сынып жетекшілері мен тәрбиешілерге жүктелсін.






9.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау тамақтандыру үшін жауапты А.С. Кунязоваға жүктелсін.

Басшы



С.К. Сыздыков

Бұйрықпен таныстырылды:

 А.С.Кунязова
 Ж.Б.Канафина
 Э.Т.Камалова
 М.А.Шарипова
 Г.Ж.Мергенбаева